

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қ.

25 маусым 2014 жыл

Түркия және Қазақстан қор нарықтарында халықаралық ынтымақтастықты дамыту сұрақтары бойынша семинар ұйымдастырылды

2014 жылдың 23 маусымында Rahat Palace Hotel (Алматы) мәжіліс залында Қазақстан қор биржасы (KASE) ұйымдастырған "Қазақстан мен Түркияның қор нарықтары: замани тенденциялар мен ынтымақтастық перспективалары" семинар болып өтті.

Семинардың жұмысына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚҰБ) Төрағасы Қ.Н. Келімбетов, KASE Президенті М.Р. Қабашев, Стамбул қор биржасының (BIST) Вице-президенті Х. Зафер, сондай-ақ ҚҰБ, Қазақстан және Түркия қор биржаларының негізгі құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері мен мамандары қатысты.

Семинардың негізгі мақсаты Қазақстан және Түркияның ұйымдастырылған қор нарықтарының ағымдағы жағдайы мен трендтері туралы ақпараттармен алмасу болды.

Семинар барысында қазақстандық тараптан бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеудің түрлі сұрақтары бойынша, сондай-ақ Қазақстан қор биржасындағы биржалық сауда-саттықтың спецификасы мен қолданыстағы механизмдері бойынша презентациялар өткізілді.

Түркиялық әріптестер өз бағалы қағаздар нарығының ағымдағы жағдайы туралы ақпараттар ұсынумен қатар, даму аясындағы негізгі тенденцияларымен, жобаларымен таныстырып, жоспарларымен бөлісті. Қазақстандық биржаның мамандары BIST жүзеге асыратын эмитенттердің листингі бойынша механизмдер мен іс-шараларына, сондай-ақ Түркияның акциялар нарығына шетелдік инвесторларды тарту тиімділігіне (инвесторлардың жалпы санынан 64 % шетелдік инвесторлар) зор қызығушылық танытты.

ҚҰБ Төрағасы Қайрат Келімбетов өз сөзінде айта кеткендей, жақында ғана "Халықтық IPO" мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылған, сондай-ақ исламдық қаржы құралдарының секторын белсендіру жоспарланған, Қазақстан үшін Стамбул қор биржасының осы саладағы тәжірибесі өте тиімді болмақ.

KASE мен Стамбул биржасының өзара ынтымақтастығы біраз жылдан бері бірізді және табысты дамып келеді. Соңғы жылдары биржалар бірқатар бірлескен жобаларды жүзеге асырып, солардың барысында екі елдің биржалық мамандары тәжірибемен және пікірлерімен алмасып отырды. 1997 жылдан бастап, KASE Еуроақиялық биржалақ федерациясының (FEAS) мүшесі болғалы бері, FEAS тәжірибемен алмасу бағдарламасы шегінде KASE профильді мамандары Стамбул биржасына Түркияның биржалық сауда-саттығымен танысу үшін барып қайтты. FEAS комитеттері мен жұмыс топтары шегінде үлкен бірлескен жұмыс атқарылды. Өз кезегінде BIST мамандары жұмыс сапарларымен Қазақстан қор биржасына келіп, экономикасы дамып келе жатқан елде қор нарығын қалыптастыру бойынша өз тәжірибесіне негізделе отырып KASE мамандарына көптеген кеңестерін берді. 2011 жылы KASE мен BIST арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.

Осы кезде KASE және бағалы қағаздар нарығының қазақстандық реттеушісі қызметінің маңызды бағыттары сапасы жоғары деңгейге шығу жолдарын іздеу болып табылады. Осыға байланысты биржалық қызметтің халықаралық кеңістікке шығу үшін ең үздік дүниежүзілік стандарттарының жетістіктеріне қол жеткізу қажеттілігі күмәнсіз. KASE осы салада көптеген жетістіктерге қол жеткізгенімен, әлі де жұмыс жалғасын табады. Осы орайда, бүгінгі таңда әлемнің өте қарқынды және прогрессивті дамып келе жатқан биржаларының бірі болып табылатын, Стамбул биржасының тәжірибе алмасудағы көмегінің маңызы зор екендігі абзал. KASE Президенті Мақсата Қабашевтің пікірі бойынша, BIST жетістіктерін зерттеу Қазақстанның Еуразиялық Экономикалық Кеңес және "Халықтық IPO" бағдарламасын жүзеге асыру шегіндегі әлеуетті мүмкіншіліктері тұрғысынан ерекше көкейкесті болады. Осы факторлар қазақстандық қор нарығының дамуында позитивті рөл атқаратыны сөзсіз. Соның ішінде, исламдық қаржыландырудың аймақтық орталығы ретінде BIST қалыптасуы тәжірибесі Қазақстан қор биржасына да керек болуы мүмкін.

KASE Президенті екі биржаның профильді құрылымдық бөлімшелерінің мамандары деңгейінде тікелей байланысты орнату бойынша ұсыныс жасады. Бұл бастаманы өз тарапынан Зафер мырза да қолдады.

Семинар барысында қазақстандық және түркиялық қатысушылар өзара ынтымақтастықтың әрі қарай даму бағыттарын талқылады. Биржа қызметкерлерінің пікірі бойынша, осындай сұхбат форматына реттеушінің қатысуы ерекше бағалы болды, осы үшін Қ.Н. Келімбетовке зор алғысын білдірді. Реттеуші тарапынан жоғарғы деңгейдегі қызығушылығы мен оперативтігі, биржа қызметкерлері мен мемлекет мүдделерін ескере отырып, нарықтың дамуына жол ашатын тиімді жолдарды тезірек табуға итермелейтін болатыны анық.

Семинардың соңында екі елдің биржаларының арасындағы кәсіби қарым-қатынас практикасын жалғастыру және араларындағы байланысты кеңейту туралы шешім қабылданды. Тараптар дәл осындай форматта ортақ бастамалар мен іс-шараларды әрі қарай талқылау үшін жуырдағы уақытта келесі кездесу өткізу туралы келісімге келді.

Анықтама үшін

Еуро-азиялық қор биржаларының федерациясы (FEAS) 1995 жылдың 16 мамырында 12 мүше-құрылтайшылармен құрылған. Осы кезде FEAS құрамына 34 мүше және 12 аффилирленген мүше кіреді, соның ішінде клирингтік, есеп айырысу ұйымдары мен дилерлер ассоциациясы, сондай-ақ бір аймақтық федерациясы – Оңтүстік-азиялық қор биржаларының федерациясы (SAFE) кіреді

FEAS миссиясы өзө мүшелері арасында және олар қызмет ететін аймақтарда жағымды, тиімді және айқын нарықтық қарым-қатынастар құру сұрақтары бойынша себептесу болып табылады. FEAS мақсаты листингтік бағалы қағаздардың саудасаттығы бойынша алғы шептегі дүниежүзілік тәжірибені қабылдау арқылы саудасаттыққа кедергі болатындарды неғұрлым азайту, сондай-ақ халықаралық сауда үшін өз мүшелері арасындағы қарым-қатынастарды қолдау болып табылады.

KASE Қазақстандағы қор нарығына қызмет ететін, жалғыз биржа болып табылады. Мұнда репо нарығының қаржы құралдарымен, шетел валютасымен, қазақстандық және шетелдің эмитенттердің мемлекеттік және беймемлекеттік бағалы қағаздарымен, халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларымен сауда-саттық жүргізілетін, әмбебап сауда алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалақ федерациясының (WFE), Еуро-азиялық қор биржалары федерациясының (FEAS), Халықаралық қаржылық ақпаратты таратушылары мен тұтынушылары ассоциациясының (SIIA/FISD), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

елдері биржаларының халықаралық ассоциациясының (ТМД БХА), Қазақстан қаржыгерлері ассоциациясының (ҚҚА) мүшесі болып табылады.

2014 жылдың 5 айында Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттық көлемі 96,2 млрд АҚШ долларының баламасына жетті, соның ішінде акциялар нарығында – 103,5 млн АҚШ доллары. 2014 жылдың 01 маусымындағы жағдай бойынша KASE акциялар нарығындағы капитализация 25,2 млрд АҚШ долларына бағаланды, ал корпоративтік облигациялар нарығы бойынша – 32,6 млрд АҚШ долларына жетті.

Стамбул биржасы (BIST) тарихы 1873 жылы алғашқы түркиялық биржа құрылған сәттен басталады. Қазіргі нысанында BIST 2013 жылы тіркеліп, Стамбул қор биржасының, Стамбулдық алтын биржасының және Түркияның туынды қаржы құралдарының биржасының интеграция нәтижесінде құрылған.

Бүгінгі таңда Стамбул биржасы мынадай нарықтар бойынша қызмет көрсетеді: акциялар, борыштық бағалы қағаздар, дамып келе жатқан компаниялардың фьючерстері мен опциондары, сондай-ақ құнды металлдар мен асыл тастар нарықтары.